

**КЕЛІСІЛДІ:
СОГЛАСОВАНО:**

ОІ жөніндегі директордың орынбасары

Зам. директора УР

 Л.М. Жалаушинова

«06» 09 2023 ж/г



**БЕКІТЕМІН:
УТВЕРЖДАЮ:**

Мектеп директоры

Директор школы

 С.К.Кривицкая

«06» 09 2023 ж/г

ШҚО ББ «Ақ ниет» мектеп-интернаты»КММ
КГУ «Школа-интернат» «Ақ Ниет» УО ВКО



*Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік
бірлестігінің жұмыс жоспары*

*План работы методического объединения
учителей начальных классов*

2023-2024 оқу жылы / учебный год

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің
2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің тақырыбы:

"Бастауыш сынып оқушыларының танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқытудың инновациялық әдістері мен денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру"

Максаттары:

1. Баланың тұлғасын үйлесімді дамытуға, тұлғаның өзін-өзі ойлануы мен табысты әлеуметтенуіне ықпал ететін тәсілдер негізінде шығармашылық ойлауды дамытуға әсер ететін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жүйесін ұйымдастыру
2. Мұғалімдердің әдістемелік даярлығының деңгейін және олардың кәсібилігін арттыру. Дәстүрлі және инновациялық әдістердің оңтайлы үйлесімі негізінде оқу сабақтарын өткізу сапасын арттыру.

Міндеттері:

1. Бастауыш сынып оқушыларын дамытудың қазіргі заманғы нысандары, әдістері мен технологиялары туралы теориялық және практикалық материалдарды зерделеу.
2. Мұғалімдердің ӘБ тақырыбы бойынша біліктілігін арттыру.
3. Оқу процесіне білім берудің келесі сатыларында және одан арғы өмірде тұлғаның табысты әлеуметтенуіне және өзін-өзі танытуына ықпал ететін педагогикалық қызметтің қазіргі заманғы технологияларын, нысандарын, әдістері мен тәсілдерін енгізу.
4. Әдістемелік тақырыптарды тандау және талдау арқылы енгізу нәтижелерін талдау.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ жұмыс бағыттары:

Ақпараттық қызмет:

1. Пайдаланылатын заманауи технологияларды талдау
2. Педагогикалық қызметтегі негізгі кезеңдерді белгілеу
3. Аралық аттестаттау үшін аттестаттау жұмыстарын дайындау және тандау

Ұйымдастыру және оқу-тәрбие қызметі:

1. Нормативтік және әдістемелік құжаттаманы зерделеу
2. Тәжірибе алмасу мақсатында белгілі бір тақырып бойынша сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру.
3. Ашық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу.
4. Курстарда педагогтардың біліктілігін арттыру.
5. Балаларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету
6. Білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтына қажеттілікті тәрбиелеу

Қорытынды шығару:

1. 2022 - 2023 оқу жылына арналған әдістемелік қызметті талдау және қорытындылау, 2023 - 2024 оқу жылына жоспар құру.
2. Педагогтар қызметінің бағыттарын зерделеу (өз бетінше білім алу тақырыбы).
3. Педагогтардың жұмысына өзіндік талдау жасау

Әдістемелік қызмет:

1. Жаңа білім беру технологиялары бойынша оқытуды әдістемелік сүйемелдеу және педагог үшін шынайы қажеттілік пен кәсіби қызығушылықты білдіретін әдістемелік тақырыппен жұмыс.
2. Әрбір мұғалімнің біліктілігін арттыру және өз бетінше білім алу жүйесі арқылы жаңа педагогикалық технологияларды игеруде педагогтардың әдістемелік деңгейін жетілдіру.
3. Зияткерлік қабілеті жоғары балалармен жүйелі жұмысты ұйымдастыру.
4. Түрлі нысандардағы озық педагогикалық тәжірибені іздеу, қорыту, талдау және енгізу.
5. Мұғалімге жұмыста көмек көрсету үшін әдістемелік қоржынды толықтыру.
6. Іс-тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабаққа қатысу.

Әдістемелік көмек көрсету:

1. Тақырыптық жоспарлау мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беру.
2. Педагогикалық қызметтегі қиындықтарды жою мақсатында педагогтарға кеңес беру.

Білім алушылармен жұмыс.

1. Бастауыш сыныптардың пәндік апталарын ұйымдастыру және өткізу.
2. Қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық конкурстарға қатысу

3. Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен бейімделген жеке жұмыс жоспарларына сай жұмыс жүргізу.

Сабақтастық бойынша жұмыс.

1. Мектеп бағдарламаларымен және талаптарымен танысу мақсатында мектепке дейінгі топ тәрбиешілерін бірінші сынып оқушыларына шақыру.

2. Мұғалімдер, педагог-тәрбиешілер және арнайы сала мамандарымен неғұрлым тығыз өзара байланысты ұйымдастыру.

3. 0-1-сынып оқушыларын бейімдеу бойынша педагогикалық консилиум өткізу.

Диагностикалық қамтамасыз ету.

1. Жұмыс бағдарламаларын бекіту.

2. 0-3 сынып оқушыларын диагностикалау.

3. Аттестаттауға дайындық кезеңінде қиындықтарды анықтау, әдістемелік сүйемелдеу және педагогтарға практикалық көмек көрсету

Жұмыстың ұйымдастырушылық нысандары:

1. Әдістемелік бірлестіктің отырыстары.

2. Бастауыш мектеп пәндерін оқыту мәселелері бойынша әдістемелік көмек

3. Педагогтардың сабақтарға өзара қатысуы.

4. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ, педагогикалық кеңестерде өз тәжірибелерімен бөлісуді жоспарлау

5. Курстарда педагогтардың біліктілігін арттыру. Педагог кадрларды аттестаттаудан өтуіне ықпал ету.

ӘБ жұмысынан күтілетін нәтижелер:

- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін интеграцияланған сабақтарды енгізу және тарату негізінде пәнаралық байланыстарды жетілдіру және тереңдету.

- заманауи технологияларды игеру арқылы педагогикалық ұжымның оқушылармен жұмысының сапалық көрсеткіштерін оң өзгерту

- педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін, оның өсуі мен табысын ынталандыруды жетілдіру.

Жұмыс жоспары

Мерзімі	ӘБ отырыстары	Әдістемелік жұмыс	Мектепшілік мәселелер	жауапты
Тамыз - қыркүйек	№ 1 отырыс Тақырыбы: "Бастауыш сынып мұғалімдерінің 2023-24 оқу жылына арналған әдістемелік жұмысын ұйымдастыру. Мақсаты: оқу-тәрбие процесін нормативтік-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету Күн тәртібі: 1. ӘБ қызметін талдау 2022-2023ж. 2. ӘНХ және ҮОЖ өзгерістерін талқылау. 3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің 2023-24 оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспарын түзету және бекіту 4. Нормативтік, бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды талқылау. Сайт special-edu.kz 5. Вариативтік компонент пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын бекіту 6. Мұғалімдердің өз білімін көтеру тақырыптарын бекіту. 7. Мектеп және оқушы құжаттамасын рәсімдеу 8. "Мектеп құжаттамасын жүргізу туралы нұсқаулар". Электрондық журналдар. Күнделік кз 9. Пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар құру 10. 0-1 сыныптар бойынша ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыру және өткізу 11. Өрлеу "БАҰО АҚ" Педагогикалық идеялар панорамасы – 2023 "Республикалық конкурсына қатысу 12. Дидактикалық материалдар көрмесіне дайындық	- мұғалімдер туралы мәліметтер банкі; - бастауыш сыныптағы орфографиялық режимнің бірыңғай ережелерін құру. - күнделік кз толтыру. - Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасау	- пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды құру - күнделік .кз КТП толтыру - 0 және бірінші сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дайындық деңгейін анықтау; - 2023/24 оқу жылына арналған БЖБ және ТЖБ кестесін бекіту; - 0, 1 сынып оқушыларының жеке істерін рәсімдеу	Директордың ОІ жөніндегі орынбасары , ӘБ жетекшісі, мұғалімдер Мұғалімдер

Қазан	- Шалкеновой М.Г әдістемелік көмек көрсету - 1- тоқсан бойынша БЖБ ТЖБ өткізу -Пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды тексеру. - "Күнделік. кз " жүйесінде жұмыс істеу кезінде көмек көрсету және тексеру - 1- тоқсанының қорытындысы бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізу	- күнделік .кз уақытылы толтыру -1- тоқсан бойынша БЖБ ТЖБ өткізу - ата-аналар жиналысына дайындық	- 1 тоқсан нәтижелері бойынша есептерді тапсыру - оқу техникасының мониторингі	Директордың ОІ жөніндегі орынбасары , ӘБ жетекшісі, мұғалімдер
Қараша	Отырыс №2 Тақырыбы: "Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларды оқыту әдістері". Мақсаты: Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен дамытудың ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа қабілеттерді ашуға бағытталған шығармашылық жұмысты ұйымдастыру. Күн тәртібі: 1.Тоқсанды бойынша мұғалімдердің есебі. 2.0-1 сыныптардың бастапқы диагностикасының нәтижелері 3. Жұмыс тәжірибесін жинақтауға дайындық және мақалалар жариялау. Сондай-ақ облыстық, республикалық, халықаралық семинарларға, конференциялар мен конкурстарға қатысу (Жалаушинова Л. М.) 4." Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларды оқыту әдістері". (А. З. Қалиеваның баяндамасы) 5.Мұғалімдерді аттестаттау, перспективалық жоспар құру.	- 0-1 сынып оқушыларына арналған бастапқы диагностика нәтижелері; - өз білімін көтеру тақырыптары бойынша мұғалімдердің есебі; - пед аттестаттау туралы ережені қарау; - ашық сабақтар өткізуі; - өзара тәжірбие алмасу мақсатында ашық сабақтарға қатысу	- 0-1 сыныптардың сабақтарына қатысу - бастауыш сынып мұғалімдерінің заманауи технологияларды меңгеруін талдау;	Калиева А.З баяндама Директордың ОІ жөніндегі орынбасары , ӘБ жетекшісі, мұғалімдер
Желтоқсан	- Бастауыш сынып ӘБ бойынша өткізілген апталық бойынша талдау жасау - 2- тоқсанына БЖБ және ТЖБ өткізу - Оқу техникасын тексеру - Математика бойынша жұмыс дәптерлерін тексеру - "Күнделік.кз " жүйесінде	-2- тоқсан бойынша БЖБ ТЖБ өткізу - математика пәні бойынша оқушылардың жұмыс дәптерлерінің жүргізілуін тексеру	- 2- тоқсан нәтижелері бойынша есептерді тапсыру - оқу техникасының мониторингі-	Директордың ОІ жөніндегі орынбасары , мұғалімдер

	жұмыс істеу кезінде көмек көрсету және тексеру - 2-тоқсанының қорытындысы бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізу	- ата-аналар жиналысына дайындық		
Қаңтар	Отырыс №3 Тақырыбы: "Бастауыш сыныпта сөйлеуді дамыту бойынша әдебиеттік оқу сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер" Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуін дамытудағы ең тиімді оқу-әдістемелік және ақпараттық-әдістемелік ресурстарды анықтау және қолдану Күн тәртібі: 1. "Бастауыш сыныпта сөйлеуді дамыту бойынша әдебиеттік оқу сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер" Исакова С. Н. (баяндама) 2. Оқу-әдістемелік және ақпараттық-әдістемелік ресурстары, міндеттерді шешудің шарты ретінде қолдану. 3. 2023/24 оқу жылындағы оқушылардың білім сапасының ккрсеткіштері. 4.Ғылыми әдістемелік журналдарда мақалалар жариялау 5."Зейін", "Педстарт" республикалық конкурсына қатысу 6. ӘБ отырысында бастауыш сыныптардың ашық апталығының жоспарын құру.	-жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу бағытында жұмыстрды талдау; -мұғалімдер, педагог-тәрбиешілер мен арнайы сала мамандарының арасындағы байланысты нығайту.(тәжірибе алмасу);	- апталыққа дайындық -Зейін конкурсына қатысу	Исакова С.Н баяндама Директордың ОІ жөніндегі орынбасары , мұғалімдер
Ақпан	Абай атында ШҚГК бірлесіп «Білім марафоны» атты бастауыш сынып мұғалімдерінің ашық апталығы	Апталықтың өткізілу кетесін құру Абай атында ШҚГК оқытушыларымен кездесу. «Дөңгелек үстел» ұйымдастыру	Апталықтың өткізілуін жоспарлау,дайындық жүргізу Өзара сабаққа қатысу	Директордың ОІ жөніндегі орынбасары , мұғалімдер
Ақпан Наурыз	- 3- тоқсан бойынша БЖБ және ТЖБ өткізу - Оқу техникасын тексеру - Орыс тілінен жұмыс дәптерлерін тексеру - "Күнделік.кз" жүйесінде жұмыс істеу кезінде көмек	- күнделік .кз уақытылы толтыру -3- тоқсан бойынша БЖБ ТЖБ өткізу - орыс тілі пәні бойынша оқушылардың	-3- тоқсан нәтижелері бойынша есептерді тапсыру - оқу техникасының мониторингі	Директордың ОІ жөніндегі орынбасары , мұғалімдер

	көрсету және тексеру - 3-тоқсанының қорытындысы бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізу	жұмыс дәптерлерінің жүргізілуін тексеру - ата-аналар жиналысына дайындық		
Наурыз Сәуір	Отырыс №4 Тақырыбы: "Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін ынталандыру әдістері" Мақсаты: Оқушылардың оқу іс-әрекетіне, оның мазмұнына, түрлері мен әдістеріне қатысты жағымды эмоцияларының пайда болуын қамтамасыз ету. Күн тәртібі: 1. "Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін ынталандыру әдістері" 2. 2024/25 оқу жылының 3-ші тоқсанындағы оқушылардың білім сапасы және есебі. 3. Бастауыш сыныптар арасында өткізілген ашық сабақ апталығының қорытындысы және оны талдау. 4. "Арнайы мектептің үздік педагогы" Республикалық байқауына дайындық Калиева А.З. 5. Оқу техникасын тексеру 6. Қазақ тілі пәні бойынша жұмыс дәптерлерін тексеру 7. "Күнделік кз" жүйесінде жұмыс істеу кезін тексеру және көмек көрсету. 8. Әр түрлі (Мұғалімдерді аттестаттау жобасы.)	- Саналы оқу дағдыларын қалыптастыру үшін оқығандарын түсіну, негізгі ойды, идеяны, сюжетті бөліп көрсету, оқығанына деген көзқарасын білдіру қабілетіне қол жеткізу үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі формаларын қолдануға машықтану қажет - қазақ тілі бойынша жұмыс дәптерлерінің жүргізілуін бақылау - Оқу техникасы нормаларының орындалуын бақылау - күнделік .кз уақытылы толтыру	- БЖБ және ТЖБ орындау нормасы - қорытынды бағалаудың нақтылығы	Саинова С.С баяндама Директордың ОІ жөніндегі орынбасары , мұғалімдер
Мамыр	Отырыс №5 Тақырыбы: "Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда заманауи технологияларын қолдану" "Бастауыш сынып мұғалімдерінің 2023/24 оқу жылының қорытындысын талдау" Мақсаты: Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларды оқытуда әртүрлі заманауи технологияларды қолдану	- ӘБ жаңа оқу жылына арналған жоспарын қарау; - келесі оқу жылына оқулықтарға тапсырыс беру	- оқу техникасының мониторингі; - пәндер бойынша бағдарламаның орындалуы туралы есеп; - құжаттарды рәсімдеу; - бастауыш сынып мұғалімдерінің қызметін бағалау - оқу жылының нәтижелері бойынша	Директордың ОІ жөніндегі орынбасары , ӘБ жетекшісі, мұғалімдер

	тәсілдерін көрсету. ӨБ қызметінің нәтижелерін талдау, проблемаларды көру және оларды түзету жолдарын анықтау. Күн тәртібі: 1. "Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда заманауи технологияларды қолдану" 2.2023/24 оқу жылындағы оқушылардың білім сапасын қорытындысы 3.Бастауыш сынып мұғалімдерінің 2023/24 оқу жылындағы жұмысын талдау. 4.2024/25 оқу жылына арналған ӨБ жұмыс жоспарын жобалау. 5 жаңа оқу жылына оқулықтарға тапсырыс беру 6.Мұғалімдердің әдістемелік қоржыны		қорытынды есептерді тапсыру ; - оқушылардың жеке құжаттарын рәсімдеу	
--	--	--	--	--

№1 хаттама

ШҚО ББ "Ақ ниет" "мектеп-интернаты" КММ бастауыш сынып мұғалімдерінің "2023-24 оқу жылына бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік оқу жоспарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік бірлестігінің отырысы
29 тамыз 2023 жыл.

Қатысқандар:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Жалаушинова Л. М.

Етекбаева А. Ж. – ӘБ жетекшісі

Қалиева А. З. – ӘБ хатшысы

Базылханова Қ. О., Саинова С. С., Исакова С. Н., Аяғанова А. М.

Отырыстың күн тәртібі:

Тақырыбы: "Бастауыш сынып мұғалімдерінің 2023-24 оқу жылына арналған әдістемелік оқу жоспарын ұйымдастыру"

1. 2022-2023 оқу жылының ӘБ-нің жұмысын талдау
 2. ӘНХ және ҮОЖ өзгерістерін талқылау
 3. 2023-24 оқу жылына арналған бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ жұмыс жоспарын түзету және бекіту
 4. Нормативтік, бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды талқылау.
 5. Вариативтік компонент пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын бекіту
 6. Мұғалімдердің өз білімін көтеру тақырыптарын бекіту.
 7. Мектеп және оқушы құжаттамасын рәсімдеу кезінде бірыңғай орфографиялық режимді сақтау
 8. "Мектеп құжаттамасын жүргізу туралы нұсқаулар".
 9. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасау. Электрондық журналдар «Күнделік.кз»-ке КТЖ толтыру,
 10. 0-1 сынып арасында ата-аналар жиналысын өткізу.
 11. Өрлеу "АҚ" Педагогикалық идеялар панорамасы-2023 "Республикалық конкурсына қатысу
- Етекбаева А. Ж.

Тыңдалды: Етекбаева А. Ж. сөз сөйлеп, ӘБ мүшелерін 2022-2023 оқу жылы әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстарының талдаумен таныстырды 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен міндеттерімен таныстырды

Тыңдалды: Директордың ОІ жөніндегі орынбасары Жалаушинова Л. М. ӘНХ пен ҮОЖ өзгерістерімен таныстырып, нормативтік және бағдарламалық-әдістемелік құжаттарға шолу жасады. Вариативтік компонент пәндері бойынша КТЖ және бейімделген жұмыс бағдарламаларын бекіту күнін анықтады. Пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды жасау мерзімдері, «Күнделік кз» КТЖ толтыру туралы хабарлады.

Тыңдалды: Етекбаева А. Ж. мектеп және оқушы құжаттамасын рәсімдеу кезінде бірыңғай орфографиялық режимді сақтау ережесімен таныстырды. 1-ші жарты жылдыққа арналған БЖБ және ТЖБ кестесін бекіту, 0-1 сынып оқушыларының жеке бас істерін рәсімдеу туралы ескертті.

ШЕШІМІ:

- Әдістемелік бірлестіктің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
- Мектеп және оқушы құжаттамасын рәсімдеу кезінде бірыңғай орфографиялық режимді сақтау жөніндегі ережені бекіту.
- Жеке бағдарламалар бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасау
- «Күнделік кз» толтыру.

ӘБ жетекшісі:
ӘБ хатшысы:



Етекбаева А. Ж
Қалиева А. З

№2 хаттама.

02 қараша 2023 жыл.

Қатысқандар:

Директордың ОІ жөніндегі орынбасары Жалаушинова Л. М

Етекбаева А.Ж. – ӘБ жетекшісі

Қалиева А. З. - ӘБ хатшысы

Базылханова Қ.О., Саинова С. С., Исакова С. Н., Шалкенова М. Г.

Отырыстың күн тәртібі:

Отырыс №2

Тақырыбы: " Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларды оқыту әдістері".

Мақсаты: Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен дамытудың ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа қабілеттерді ашуға бағытталған шығармашылық жұмысты ұйымдастыру.

Күн тәртібінде:

1.Тоқсанды бойынша мұғалімдердің есебі.

2.0-1 сыныптардың бастапқы диагностикасының нәтижелері

3.Инклюзивті білім беру: теория, практика және жұмыс тәжірибесі мәселелері бойынша жұмыс тәжірибесін жинақтауға дайындық бойынша әдістемелік материалдың ғылыми әдістемелік журналдарында мақалалар жариялау. Сондай-ақ облыстық, республикалық, халықаралық семинарларға, конференциялар мен конкурстарға қатысу (Жалаушинова Л. М.)

4." Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларды оқыту әдістері". (Калиева А. З. баяндамасы)

5.Мұғалімдерді аттестаттау, перспективалық жоспар құру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша 0-3 сынып мұғалімдерінің және ӘБ басшысы А.Ж. Етекбаеваның сөз сөйлеуін тыңдады.

Тыңдалды: 0-1 сынып мұғалімдері, Базылханова Қ.О., Исакова С. Н, Шалкенова М. Г. Олар 0-1 сынып оқушыларына қысқаша сипаттама берді.

Тыңдалды: директордың ОІ жөніндегі орынбасары: Жалаушинова Л.М. оқытудың ерекше түрін қажет ететін балалармен жұмыста : теория, практика және тәжірибе мәселелері бойынша жұмыс тәжірибесін жинақтауға дайындық бойынша әдістемелік материалдың ғылыми әдістемелік журналдарын да мақалалар жариялау. Сондай-ақ облыстық, республикалық, халықаралық семинарларға, конференциялар мен конкурстарға белсенді қатысу.

Тыңдалды: Калиева А. З. сөзін тыңдады. "ОЕ түрін қажет ететін балаларды оқыту әдістері" баяндамасында ОЕ түрін қажет ететін балаларды оқыту әдістері практикалық жұмыста ең қолайлы әдістер қарастырылатыны атап өтілді:

Мұғалімдерді аттестаттау, перспективалық жоспары талқыланды. әркім өз пікірін білдірді

ШЕШІМІ:

1.Облыстық, республикалық, халықаралық семинарларға, конференциялар мен конкурстарға белсенді қатысу. Тәжірибе алмасу, әдістемелік материалдың ғылыми-әдістемелік журналдарында мақалалар жариялау

2.Өзінің педагогикалық практикасына жаңа білім беру жүйесіндегі тиімді әдістерді енгізу.

3.Тоқсандық бағаларды қою кезінде бағаның дұрыс, нақты болуына назар аудару, бейімделген бағдарлама құруда оқушылардың ерекшелігін назарда ұстау

4. Өз білімінкөтеру тақырыптары бойынша жұмыс жүргізу.

5. Сабақты ұйымдастырудың тиімді әдістерін бақылау мақсатында әріптестермен тәжірибе алмасу және сабақтарына қатысу.

ӘБ жетекшісі:  Етекбаева А. Ж.
ӘБ хатшысы:  Калиева А. З.

№3 хаттама

04 қаңтар 2024 жыл.

Қатысқандар:

Директордың ОІ жөніндегі орынбасары Жалаушинова Л. М

Етекбаева А.Ж. – ӘБ жетекшісі

Қалиева А. З. - ӘБ хатшысы

Базылханова Қ.О., Саинова С. С., Исакова С. Н., Шалкенова М. Г.

Отырыстың күн тәртібі:

Тақырыбы: "Бастауыш мектепте сөйлеуді дамыту" бойынша әдебиеттік оқу сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер"

Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуін дамытудағы ең тиімді оқу-әдістемелік және ақпараттық-әдістемелік ресурстарды анықтау және қолдану

Күн тәртібінде:

1. "Бастауыш мектепте сөйлеуді дамыту" бойынша әдебиеттік оқу сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдері" Исакова С. Н. (баяндама)
2. Оқу-әдістемелік және ақпараттық-әдістемелік ресурстары, міндеттерді шешудің шарты ретінде қолдану.
3. 2023/24 оқу жылындағы оқушылардың білім сапасының көрсеткіштері.
4. Ғылыми әдістемелік журналдарда мақалалар жариялау
5. "Зейін", "Педстарт" республикалық конкурсына қатысу
6. ӘБ отырысында бастауыш сыныптардың ашық апталығының жоспарын құру.

Тыңдалды: С. Н. Исакованың "Бастауыш мектепте сөйлеуді дамыту" бойынша әдебиеттік оқу сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдері" тақырыбында баяндамасы тыңдалды.

Баяндамада балалардың сөйлеуі мен сөздік қорларын дамыту, ана тілінің байлығын игеру жеке тұлғаны қалыптастырудың, ұлттық мәдениеттің дамыған құндылықтарын игерудің негізгі элементтерінің бірі болып табылады, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамумен тығыз байланысты, бастауыш сынып оқушыларын тілдік тәрбиелеу мен оқытуда басымдық болып табылады.

Тыңдалды: Етекбаева А.Ж. – ӘБ жетекшісі: 2023/24 оқу жылының 2-ші тоқсанының қорытындысы бойынша сөйледі. БЖБ және ТЖБ кесте бойынша өткізілді, 2023-2024 жылдың 1 жарты жылдығында бағдарлама толығымен игерілді.

2 «А»-сынының үлгерімі-100%, білім сапасы-55%

2 «Ә» сыныбының үлгерімі-100%. білім сапасы-55%

3 сынып оқу үлгерімі-100% білім сапасы -60%

Тыңдалды: С. Н.Исакова 1 "А" сынып оқушысы Сабирбек Шыңғысты 0-шы сыныпқа ауыстыру туралы айтты. Ол оқушыға қысқаша сипаттама берді.

Аттестатталатын мұғалімдердің портфолиосын дайындау үшін ғылыми-әдістемелік журналдарға мақалаларды жариялауды жалғастыру, "Зейінге", "ПЕДстарт" республикалық конкурсына қатысу жұмысын ұйымдастыру және қатысу.

Тыңдағалды: ӘБ жетекшісі Етекбаева А.Ж. Өскемен қаласындағы Абай атындағы колледжбен бірлесіп бастауыш сыныптардың "Білім марафоны" тақырыбы бойынша өткізілетін апталық жоспарын құрды.

ШЕШІМІ:

- Оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін арттыру және оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беру үшін сыныптан тыс уақыттарда және сабақ барысында сөйлеуді дамытудың әртүрлі әдістерін қолдануды жалғастыру.
- Оқушылардың білім сапасын арттыру, пәндер бойынша педагогикалық диагностиканы қолдану жұмыстарын жалғастыру.
- Аттестатталатын мұғалімдердің портфолиосын дайындау үшін ғылыми-әдістемелік журналдарға мақалаларын жариялымға ұсыну бойынша жұмысты ұйымдастыру және жалғастыру, республикалық "Зейін", "ПЕДстарт" конкурсына қатысу
- 19-24 ақпан 2023 ж Өскемен қаласындағы Абай атындағы колледжбен бірлесіп өтетін "Білім марафоны" тақырыбы бойынша бастауыш сынып апталығының өткізілетін апталығының жоспарын құру.

ӘБ жетекшісі:

ӘБ хатшысы:

Етекбаева А. Ж

Қалиева А. З

№4 хаттама.

29 наурыз 2024 жыл.

Қатысқандар: Директордың ОІ жөніндегі орынбасары Жалаушинова Л. М

Етекбаева А.Ж. – ӘБ жетекшісі, **Қалиева А. З.** - ӘБ хатшысы

Базылханова Қ.О., Саинова С. С., Исакова С. Н., Шалкенова М. Г.

Отырыстың күн тәртібі

Тақырыбы: "Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін ынталандыру әдістері"

Мақсаты: Оқушылардың оқу іс-әрекетіне, оның мазмұнына, түрлері мен әдістеріне қатысты ынталандыруды қамтамасыз ету.

1. "Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін ынталандыру әдістері" Саинова С.С (баяндама)

2. 2024/25 оқу жылының 3-ші тоқсанындағы оқушылардың білім сапасы және есебі.

3. Бастауыш сыныптар арасында өткізілген ашық сабақ апталығының қорытындысы және оны талдау.

4. "Арнайы мектептің үздік педагогы" Республикалық байқауына дайындық Калиева А.З.

5. Оқу техникасын тексеру

6. Қазақ тілі пәні бойынша жұмыс дәптерлерін тексеру

7. "Күнделік кз" жүйесінде жұмыс істеу кезін тексеру және көмек көрсету.

8. Әр түрлі (Мұғалімдерді аттестаттау жобасы.)

Тыңдалды: С. С. Саинованың баяндамасы тыңдалды. Ол отырыс тақырыбы бойынша сөз сөйледі. "Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін ынталандыру әдістері"

0-3 сынып мұғалімдерінің 3 тоқсанның қорытындысы тыңдалды, ӘБ басшысы А. Ж. Етекбаева хабарлады.

Тыңдалды: 0-1 сынып мұғалімдері, С. Н. Исакова, М.Г. Шалкенова, К.О Базылханова 0-1 сынып оқушылары туралы қысқаша сипаттама берді.

Тыңдалды: Директордың ОІ жөніндегі орынбасары Л. М. Жалаушинова бастауыш сыныптар арасында өткен ашық сабақтар апталығының қорытындысы туралы қысқаша шолу жасады.

Бастауыш сыныптар арасында өткен ашық сабақтар апталығының нәтижелері бойынша келесі мәліметтер баяндалды:

Қорытынды:

- Мұғалімдер өз ашық сабақтарында заманауи технологиялар мен оқытудың тиімді әдістерін қолданды: проблемалық оқыту, интерактивті, топтық, жұмыс әдістері, әртүрлі шығармашылық әдіс-тәсілдер қолданылды.
- Барлық мұғалімдер өз сабақтарында заманауи цифрлық құралдарды пайдаланды.
- Оқушылар сабақта өздерінің жақсы деңгейде ұйымдасырылғынын, мұғалімнің талаптарын орындауда, жеткілікті дәрежеде оқу іс-әрекеттерін меңгерген жағынан жоғары деңгей көрсетті.
- Пәндік апта барысында барлық мұғалімдер жақсы ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетті, мерекелік шығармашылық атмосфера құрды.
- "Абай атындағы Шығыс Қазақстан колледжімен» -мен өзара тығыз байланысты орнатуды жалғастыру
- Әдістемелік материалдар (фотоматериалдар, компьютерлік презентациялар, сабақтарды әзірлеу, сыныптан тыс іс-шаралар сценарийлері және т. б.);
- Ұжымдық және жеке іс-тәжірибемен бөлісу;

Тыңдалды: Исакова С.Н. мұғалімдерді аттестация жобасымен таныстырды.

ШЕШІМІ:


* Мұғалімдерге өзара сабаққа қатысуды санын ұлғайту.

* Сабақтарда іздеу, зерттеу қызметінің әдістерін, интерактивті платформаларды, оқытудың басқа да заманауи әдістерін қолдануды белсендендіру.

* Өзінің білімін көтеру мақсатында мәлімделген тақырыптар бойынша жұмысты атқару.

* "Арнайы мектептің үздік педагогы" Республикалық байқауына дайындық, әдістемелік көмек, қолдау көрсету Калиева А.З.

ӘБ жетекшісі:



Етекбаева А. Ж

ӘБ хатшысы:



Калиева А. З

24 мамыр 2024 жыл.

Қатысқандар:

Директордың ОІ жөніндегі орынбасары Жалаушинова Л. М

Етекбаева А.Ж. – ӘБ жетекшісі

Қалиева А. З. - ӘБ хатшысы

Базылханова Қ.О., Саинова С. С., Исакова С. Н., Шалкенова М. Г., мектеп кітапханашысы
Аманова А.И.

Отырыстың күн тәртібі:

Тақырыбы: "Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда заманауи технологияларын қолдану"

"Бастауыш сынып мұғалімдерінің 2023/24 оқу жылының қорытындысын талдау"

Мақсаты: Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балаларды оқытуда әртүрлі заманауи технологияларды қолдану тәсілдерін көрсету.

ӘБ қызметінің нәтижелерін талдау, проблемаларды көру және оларды түзету жолдарын анықтау.

Күн тәртібінде:

1. "Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда заманауи технологияларды қолдану"

2. 2023/24 оқу жылындағы оқушылардың білім сапасын қорытындысы

3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің 2023/24 оқу жылындағы жұмысын талдау.

4. 2024/25 оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспарын жобалау.

5. Мұғалімдердің әдістемелік қоржыны

Бірінші және екінші мәселе бойынша А. Ж. Етекбаева сөз алды: "Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда заманауи технологияларды қолдану" тақырыбында өз баяндамасын оқыды. 2023/24 оқу жылындағы оқушылардың білім сапасын қорытындысымен таныстырып өтті.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі. Мұғалімдерді пәндер бойынша қорытынды бақылау жұмыстарының және оқу техникасын талдаумен таныстырды, 2023/2024 оқу жылында барлық пәндер бойынша бағдарламалық материалдың өтуін талдады. Бейімделген жұмыс бағдарламаларының жоспарлары мен бөлімдерінің орындалуына талдау жасалды. Оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасы талданды.

Төртінші және бесінші сұрақтар бойынша бастауыш сынып мұғалімдері өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті: олар жыл көлемінде өздерінің өзіндік білім көтеру тақырыбы бойынша істеген жұмыстары туралы айтып, нәтижелерін хабарлады. Сабақтан тыс уақытта атқарылған іс-әрекеттері, пайдаланған әдебиеттер бойынша тәжірибе алмасты.

Шешімі:

Өзіндік білім көтеру тақырыбы бойынша жұмыс жүргізуді жалғастыру және аттестациялауға арналған папканы жинақтау және толықтыру.

Бесінші мәселе бойынша мектеп кітапханашысы А.И.Аманова сөз алды: ол алдағы уақытты жаңа оқу жылындағы оқулықтарға тапсырыс берілгендігі жөнінде және кітапханаға түскен жаңа баспалармен таныстырып өтті. Ол мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімдерімен бірнеше кездесулер өткізіліп, туындаған сұрақтар шешілді.

ӘБ тақырыбы бойынша осы үш жыл аралығында мұғалімдер көптеген жетісіктерге жетті.

Арнайы мектеп мұғалімдері арасында "Арнайы ұйымның үздік педагогы" республикалық

байқауының облыстық кезеңіне қатысып, Исакова С.Н 1- орын алды 2021-2022 жж,

С.С. Саинова 2 орын алды. 2022-2023жж, Калиева А.З 2-орын алды 2023-2024 жж

2023 жылғы 28 сәуірде бастауыш сынып мұғалімдері ШҚО бойынша ұйымдастырылған "ӨРЛЕУ"

БАҰО облыстық семинар-практикумында өз тәжірибелерімен бөлісті. Саинова С. С. Калиева А.

З. Исакова С. Н. Етекбаева А.Ж Алғыс хатпен марапатталды.

19-24 ақпан 2024 ж Өскемен қаласындағы Абай атындағы колледжбен бірлесіп "Білім марафоны" тақырыбы бойынша бастауыш сынып апталығын өткізді

"Өркен" Шығыс Қазақстан өңірлік ақпараттандыру және даму ғылыми-әдістемелік орталығы арқылы ӘБ мұғалімдері өздерінің оқыту бағдарламаларын, дидактикалық көмекші құралдарын бекітіп отырды.

Өз санаттарын көтеруге кезектен тыс Калиева А.З және Саинова С.С өз құжаттарын педагог экспертке ұсынып отыр. Етекбаева А.Ж педагог зерттеуші санатын растауға кезекті аттестациядан өтуге өтініш беріп отыр. Қорыта келе осы үш жыл бойы атқарылған жұмыстарды

қанағаттарлық деп есептеуге болады. Келесі оқу жылына жаңа тақырыбын таңдау ұсынылып отыр.

Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар:

1. Өзінің білімін көтеру мақсатында мәлімделген тақырыптар бойынша жұмысты атқару. Мұғалімдерге өздерінің жұмысы барысында үнемі іздемпаз болып, оны оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде қолдану, іс-тәжірибемен бөлісу
2. 2023-2024 оқу жылында ӘБ атқарған жұмысын қанағаттарлық деп саналсын. Келесі оқу жылына жаңа тақырып және алға қойған мақсаттармен міндеттер айқындалсын.
3. ӘБ басшысы 2024/2025 оқу жылына жоспарын құру. ӘБ жұмысы бойынша келесі үш жылға жаңа тақырып таңдалсын және алға қойған мақсаттармен міндеттер айқындалсын.
4. 2024/2025 оқу жылына арналған ӘБ жұмысының міндеттері анықталсын. ӘБ жаңа тақырыптар таңдалынсын
5. Бастауыш сынып оқушыларының жалпы оқуға және зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығы бойынша жұмысты жалғастыру.
6. Түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға қатысуды жандандыру.
7. Оқытудың ерекше түрін қажет ететін балалармен жұмыс істеу нысандары мен әдістерін жетілдіру.
8. Білім беру үрдісінде денсаулық сақтау, ақпараттық компьютерлік технологияларды белсенді қолдану. Заманауи инновациялық психологиялық-педагогикалық технологиялар мен білім беру жүйелерін зерттеу мен қолдануды жалғастыру.
9. Ата-аналармен баларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ағартушылық жұмысты жалғастыру, оларды оқушылардың оқудағы нәтижелері мен жетістіктерімен жүйелі түрде таныстыру.
10. Оқу сапасын арттыру бойынша жұмыс түрлерін жетілдіру.

ӘБ жетекшісі:  Етекбаева А. Ж

ӘБ хатшысы:  Калиева А. З